

АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР  
XI том

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2017

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
филология және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және  
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған  
(№ 2 хаттама 29 желтоқсан 2016 жыл)  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы  
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

**ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС**

Ж. Дәдебаев (төраға), Ө. Әбдиманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,  
Б. Жақып, А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов,  
Ө. Тарақ, А. Темірболат, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек,  
П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі)

**Пікір жазған**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ө. Әбдиманұлы**

**Жалпы редакциясын басқарған**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

**Баспаға дайындағандар:**

Б. Баязитов, Г. Ысқақова

**А 13 Абайтану. Тандамалы еңбектер. XI том. Ойлар мен толғаныстар / құраст., түсінік. жазғ.: Д. Қарағойшыева, Л. Мұсалы; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 298 б.**

**ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)**

**ISBN 978-601-04-2257-5 (11-том)**

«Абайтану. Тандамалы еңбектер» көп томдық басылымының он бірінші томында Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы ХХ ғасырда жазылған бір топ еңбектер берілді. Әр жылдарда жазылған және абайтану саласындағы іргелі мәселелерді пайымдауға арналған ойлар мен толғаныстардың абайтану ғылымының тарихында лайықты орны бар.

Томға енген еңбектер білім алушы жастарға, жас мамандарға, сондай-ақ зерттеушілерге, ақыл-ой қазынасын байыту жолындағы көпшілікке арналған.

Еңбек 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3(5Қаз)**

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)

ISBN 978-601-04-2257-5 (11-том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы  
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2017

## АБАЙДЫҢ БІР ӨЛЕҢІ

*(Алғы сөз орнына)*

«Парасат» журналы Абай тойының қарсаңында  
Зейнолла Қабдоловқа бір-ақ сұрақ қойды:  
Абай айтқан қалың ел – қазағыңыз алда келе жатқан жаңа  
ғасырға қандай жамандықтан арылып, қандай жақсылығын  
бойына сіңіре дарытып, байытып баруын тілейсіз?  
Академик-жазушы бұған Абайдың бір ғана өлеңімен жауап берді  
*(«Парасат» журналынан)*

«Парасат» демекші, мен қазаққа бәрінен бұрын парасат байлығын тілеймін. Ол үшін әр қазақ басқаны қойса да, бір ғана Абайды біліп, ең болмаса оның бір өлеңін – «Қалың, елім, қазағым, қайран жұртым» – ұғып, тереңіне бойлап-түсініп, құранның сөзіндей жаттап алса екен. Жаттап қана қоймай, күнде таңертең, ұйқыдан ояна бере дұғадай қайталап, өзінің иманына айналдырса екен. Сонда ол өзіне кез келген пендеде бола бермейтін кереметтей кемел парасат дарытып, өзгелерді де парасатсыздықтан арылтуға қызмет етер еді.

Парасат – қасиет, парасатсыздық – қасірет. Бүгінгі қазаққа керегі – қасірет емес (ол бір басына жетіп жатыр), қасиет!

Мен мұны бәріміз ХХІ ғасырдан бес жыл бері тұрған Абайдың жүз елу жылдығына бара жатқан соң ғана айтып отырғаным жоқ. Ата жұрты аман тұрса, Абай жүз елу ғана емес, жүз елу мың жылда да Абай және «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денен» деп өзі айтқандай, әр қазақты һәм бар қазақты өзінің осынау ғажайып әлдиімен қарсы алып, гөй-гөйімен шығарып салып тұрады. Тұра береді. Абай – біздің рухани әкеміз.

\* \* \*

1959 жылдың көктемінде, Мәскеуде Одақ жазушыларының үшінші съезі өтіп жатты. Біздер – съезд делегаттары – Кремльдің үлкен сарайының мінбесінен Никита Сергеевич Хрущевтің сөзін тыңдадық. Сол кездегі елбасы әдебиетшілермен әңгімесін әлдеқайдағы бір алаяқ ұры туралы анекдотқа айналдыра келіп,

пендеге зерде дарытар көркем сөздің «үлгісі» ретінде баяғыда өлеңмен әуестенген бір жас жұмысшының жаттығуын аузының суы құрығанша мақтап жатқа соқты да, түюлі жұдырығын құлаштай сермеп, тыңдаушы жұртты түп-түгел (өзі артық-кемі жоқ жиырма жылдан кейін жетелеп алып барып «күрп еткізе» түсіретін) «жарқын келешекке» – коммунизмге – қарай алшаңдап алға басуға шақырды.

Залдағылар дүрк көтеріліп, дүркірете қол шапалақтады.

Үзіліс кезінде біз – Мұхамеджан Қаратаев, Александр Твардовский, Николай Грибачев, Николай Рыленков және мен бесеуіміз – Кремль шыршаларының арасында сейілдеп жүр едік, Александр Трифонович кілт тұра қалды да, күтпеген жерден:

– Сендер осы әлгі кісінің жиырма жылда коммунизм орнататынына шынымен иланасыңдар ма? – деп сұрады.

Грибачев – белсенділеу кісі, елден бұрын елп етіп:

– Илану керек шығар... – деп Қаратаевқа бұрылып, езу тартты.

Мұхаң үндеген жоқ, ойланып тұрды.

Рыленков та өздігінен не айта қойсын, төмен қарап, мағынасыздау күле күмілжіді:

– Партияның жаңа бағдарламасында: «Кеңес адамдарының қазіргі ұрпағы коммунизм тұсында өмір сүретін болады», – деп кесіп-пішіп кепілдеме беретін көрінеді ғой.

– Тоқтандар, – деді Твардовский. – Осы жұрт коммунизмге Пушкинсіз қалай барайын деп жүр, жаным-ау? Пушкин ұлттың рухы, орыстың сана-сезімі, ақыл-парасаты емес пе? Оны қойып, әлгі бір әдебиет әуесқойының балдыр-батпағымен бармақ па? Жә, жалпы Пушкинсіз баратын коммунизмде не қасиет бар?

\* \* \*

Сондай-ақ, Абайсыз баратын жаңа ғасырда да, Абай парасатын еркін баурап, сана-сезіміне терең сіңіріп алмай тұрып, жаңа ғасырға құр далақтап дабырамен баратын даңғыра қазақта да қандай қасиет бар?

Абай не деп еді:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,  
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.

Жаксы менен жаманды айырмдың,  
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.  
Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,  
Аузымен орақ орған өңкей қыртың.  
Өзімдікі дей алмай өз малыңды,  
Күндіз күлкің бұзылды, түнде – ұйқың.  
Бас-басына би болған өңкей қықым,  
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?

«Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмайды», – деген бар. Оның үстіне өлеңді қара сөзбен ежіктеп түсіндіру обал. Демек, осы өлеңнің әр сөзін әр қазақ тек өз ішінен өзінше байыптап, содан соң бар қазақ біріге пайымдап, бәріне ортақ бір тұжырымға келіп, бірегей түйін түйіп, ынтымағы мықты бір ұжым боп бірлескен іс-әрекетке, қимыл-қарекетке көшу шарт.

Қараңызшы: сақал-мұртына ғұмыр бойы ұстара тимеген адамның сықпытынан жаман жабайы-тағылық бола ма? Жаксы мен жаманның парқын білмеуден бетер миғұла-мәңгүрттік бола ма? Өзінен басқа ешкімді тыңдамай, тек өзі ғана күпсіп, күпілдей беруден маскара қыртық бола ма? Өз малын өзімдікі дей алмаудан асқан қорлық, құлақкесті құлдық бола ма? Ал шетінен тұяқтары сыртылдап, таққа таласып, бас-басына би болған «өңкей қықым» қаптап жүрген жерде іргесі бүтін ел, әсіресе, егемен ел болмайтыны өзінен өзі түсінікті...

Сонымен, әр қазақ өзіне және өз ортасына оп-оңай жабыса кететін осындай «ошағанды» Абайша іздеп-тауып, аяусыз отап, өзін және өз ортасын Абай ащы да болса ашық айтқан тағылықтан, мәңгүрттіктен, қыртықтан арылтып, құлдық құрсауын үзіп, егемен елдікке келу – кемел ақылға, сара санаға кенелу.

Парасат байлығы деген осы. Қазаққа тек осы байлық – парасат байлығы ғана керек. Өзге байлықтың бәрі өзінде – елінде, жерінде тұнып тұр.

\* \* \*

Ал енді бар ма, Абайдың «қалың елі, қазағы, қайран жұртының» осындай парасат байлығына кенеліп, тезірек түтінін түзу ұшырып, тымағын түзеп кие коюы... ай, қиын-ау!

Оны Абайдың өзі де ескертіп, ызамен, күдікпен күңіренген:

Өздеріңді түзелер дей алмаймын,  
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың.  
Ағайын жоқ нәрседен етер бұртың,  
Оның да алған жоқ па құдай құлқын?  
Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,  
Сапырылды байлығың, баққан жылқың.  
Баста ми, қолда малға талас қылған,  
Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқын...

Осы шумақтағы қайғылы халды, қатерлі мазмұн мен мағынаны әр қазақ азат Қазақстанның аспан түстес көк торғын туының астында тұрып, өз ішіне өзі үніле, тек қана өзі ойлап-толғап бағамдамаса, өзгеге өңештеп түсіндіру қиынның қиыны: «бірлігі, берекесі жоқ ағайынның күш сынасқан күндестік» қырсығынан өз қолы өліп-талып әрең жеткен «өз ырқынан» айырылуы өзінің қадым заманнан бері әбден еті өліп, амалсыз көндігіп алған тұсаулы тіршілігіне қайта оралу екенін айтуға қандай ауыз баруы мүмкін?!

*1994 жыл.*

## ТҮСІНІКТЕР

**Жұмабаев Ғ. Абайдың реализмі.** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Тоғжанов Ғ. Абай. – Қазан, 1935. – 55-66-беттер; Абай институтының вебсайты.

**Машанов А. Абай үшкілі.** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы, 1994. – 118-138-беттер; Абай институтының вебсайты.

**Қаратаев М. Пушкин мен Абай.** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Қаратаев М. Пушкин мен Абай / М. Қаратаев Туған әдебиет туралы ойлар. – Алматы, 1958. – 112-121-беттер; Абай институтының вебсайты.

**Дүйсенбаев Ы. Абай Құнанбайұлы.** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Дүйсенбаев Ы. Абай Құнанбаев / Ы. Дүйсенбаев Ғасырлар сыры. – Алматы, 1970. – 84-137-беттер; Абай институтының вебсайты.

**Кенжебаев Б. Абай шығармаларының соңғы басылуы туралы.** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: // Социалистік Қазақстан. – 1955. – 29 май (№26 (9708)); Абай институтының вебсайты.

**Нұртазин Т. Абай және әдеби жастар.** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Нұртазин Т. Шеберлік туралы ойлар. – Алматы, 1968. – 141-148-беттер; Абай институтының вебсайты.

**Сүйіншәлиев Х. Абай Құнанбаев (1845-1904).** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқулық. – Алматы, 2006. – 836-887-беттер; Абай институтының вебсайты.

**Қирабаев С. Абайтанудың кезекті міндеттері туралы.** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 5-т. – 30-42-беттер; Абай институтының вебсайты.

**Қабдолов З. Абайдың бір өлеңі.** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Қабдолов З. Көзқарас: талдаулар мен толғаулар. – Алматы: Рауан, 1996. – 5-9-беттер; Абай институтының вебсайты.

**Кәкішев Т. Асылдың сынығы.** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Кәкішев Т. Көп томдық шығармалар жинағы / Тұрсынбек Кәкішев. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013. – 5-т. – 134-153-беттер.

**Бердібаев Р. Ұлылыққа жартыкеш түсінік жүрмейді.** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Бердібай Р. Ел боламыз десек... – Алматы: ЖПКС «Қазақстан» баспа үйі, 2000. – 232-237-беттер; Абай институтының вебсайты.

**Қасқабасов С. Абай және фольклор.** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Қасқабасов С. Абай және фольклор. – Алматы: Білім, 1995. – 64 бет; Абай институтының вебсайты.

**Жиреншин Ө. Ақындық мәдениеті.** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Жиреншин Ө. Ақындық мәдениеті. Кітапта: Жиреншин Ө. Абай және орыстың ұлы революцияшыл демократтары. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1959. – 144-158 беттер; Абай институтының вебсайты.

**Бейсенбаев М. Абай туралы тың деректер.** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Бейсенбаев М. Абай және оның заманы (Абай ізімен): әдеби-сын мақалалар мен жаңа деректер. – Алматы: Жазушы, 1988. – 8-18 беттер; Абай институтының вебсайты.

## МАЗМҰНЫ

|                                                                |     |
|----------------------------------------------------------------|-----|
| Тоғжанов Ғ. АБАЙДЫҢ РЕАЛИЗМІ .....                             | 3   |
| Машанов А. АБАЙ ҮШКІЛІ .....                                   | 12  |
| Қаратаев М. ПУШКИН МЕН АБАЙ .....                              | 37  |
| Дүйсенбаев Ы. АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ .....                           | 47  |
| Кенжебаев Б. АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ<br>СОҢҒЫ БАСЫЛУЫ ТУРАЛЫ ..... | 110 |
| Нұртазин Т. АБАЙ ЖӘНЕ ӘДЕБИ ЖАСТАР .....                       | 118 |
| Сүйіншілиев Х. АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ (1845-1904) .....                | 127 |
| Қирабаев С. АБАЙТАНУДЫҢ КЕЗЕКТЕГІ<br>МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ .....   | 188 |
| Қабдолов З. АБАЙДЫҢ БІР ӨЛЕҢІ .....                            | 202 |
| Кәкішев Т. АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ .....                                | 206 |
| Бердібаев Р. ҰЛЫЛЫҚҚА ЖАРТЫКЕШ<br>ТҮСІНІК ЖҮРМЕЙДІ .....       | 225 |
| Қасқабасов С. АБАЙ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР .....                         | 232 |
| Жиреншин Ә. АҚЫНДЫҚ МӘДЕНИЕТІ .....                            | 269 |
| Бейсенбаев М. АБАЙ ТУРАЛЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕР .....                   | 285 |
| ТҮСІНІКТЕР .....                                               | 295 |

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ**  
**ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР**

**XI том**

Редакторы *К. Мухадиева*  
Компьютерде беттеген және  
мұқабасын безендірген *Ұ. Әбдіқайымова*

**ИБ№10468**

Басуға 03.03.2017 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84  $\frac{1}{16}$ .  
Көлемі 18,7 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №6144.

Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.